



Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың теңдесіз ерлігі мен ерен ерік-жігерінің арқасында өмірге келген Астана бүкіл казак жұртының айбыны мен айбарына айналды. Сән-салтанаты жарасқан Елордамыз бүгінде келісім мен бейбітшіліктің, татулық пен толеранттылықтың әлемдік бесігі секілді.

Міне, биыл Астана қаласының 13 жылдық мүшел мере-

салт-дәстүр мен ырым-жоралғылар ұйымдастырылған

Мерекелік шара аясында өткізілген бағдарламада біздер көрме ұйымдастырдық. Көрмеге түлкі, қасқыр терілері, киіз үй жабдықтары, көне бұйымдар апарғанбыз. Сондай-ақ, балаларым Мақпал мен Серіктің баптап апарған үш бүркіті мен бір құмай тазысын шетел қонақтары мен Астана қонақтары қызықтай тамашалады. Елорда мерекесінде ұйымдастырылған түрлі мәдени іс-шаралар легінің бірқатары қала күні жұртшылықты «Ханшатыры» маңына көптеп жинады. Алаңда 60 шақты киіз үй тігілді. Алаңның маңы өздеріне арналған думанды тамашалауға келген қала тұрғындары мен қонақтарын ерекше сезімге бөледі. Қаланың туған күні мен алдағы келе жатқан Тәуелсіздігіміздің 20 жылдық мерейтойына орай мерекелік

ШАБЫТЫМЫЗ ШАЛҚЫП, МЕРЕЙІМІЗ ӨСТІ

кесі зор өрлеу үстінде аталып етілді. Биыл Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы мен Астана қаласының мүшел жасқа толған мерейлі мерекесі бүкіл егемен еліміздің халқы атап өтетін айтулы күнге айналды, Жуырда біз қала мерекесі күні ұйымдастырылған мерекелік іс-ша-

бағдарлама болды. Бағдарламада дәстүрлі әндер, айтыс, қолөнер шеберлері, құсбегілер ауылы, ат үстінде өнер көрсетушілер осы жерден көрініс тапты. Төрт күн бойы «Ханшатыр» сахнасында ән қолөнері бір толастаған жоқ. Фестивальге келген қонақтар атқа



раларды тамашалап, шабытымыз шалқып, мерейіміз өсті. Соның бірі «Ханшатыр» сауда ойын-сауық орталығының алдында ұйымдастырылған «Мынжылдықтар тоғысында Астана» атты көшпенділер өркениетінің фестивалі көпшілікті айрықша әсерге бөледі. Кешпенді ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігінен сыр шерткен бұл фестиваль көпшілікке айрықша ой салды десек артық айтқандық болмас. Үш күнге созылған мерекелік шара барысында «Ханшатыр ойын-сауық кешенінің алдына тігілген ақшаңқай киіз үйлер фестиваліне ерекше сән берді.

Фестивальдің басты мақсаты - көшпенділер тұрмыс-тіршілігін кеңінен көрсетіп, казак халқының мәдениетін терең насихаттау болатын. Киіз үйлердің ішіне көшпенділердің тұрмыстық заттары, зергерлік бұйымдары, қолтанбалы өнер туындылары, саятшылық және аңшылық өнердің бұйымдары қойылған. Сонау сан заманнан келе жатқан киім үлгілері фестиваль қонақтарының ерекше қызығушылығын туғызған. Мерекеді ұлттық

мініп, үй тігу, киіз басу тағы басқа көне заманға сапар шеккендей әсерге бөленді. Одан өзге қыз ұзату, беташар, тұсау кесу, шашу, бесікке салу салт-дәстүрлерін казактың ежелгі ұлттық киімдерімен театрландырылған қойылымдарды, айттыс пен көшпелі цирк өнері жұртты мәре-сәре күйге бөледі. Ұлттық мәдениет пен дәстүрді насихаттауға арналған шара бағдарламасы өте мазмұнды, әрі жан-жақты қамтылғандықтан фестиваль қонақтары тамаша көңіл-күймен тарасты. Астана күніне орай өткізілген мерекелік шараға қатысқанымды мақтан етемін. Иә, Елордамыздың 13 жыл ішіндегі жетістігін көріп Тәуелсіздігіміздің арқасында алынатын асуларға зор сенім, үкілі үмітпен қараймыз. Ару Астананың ажары күннен-күнге жайнай беріп, Қазақстанның Тәуелсіздігі аясында алатын биіктері асқаралы болғай деген тілек айтамын!

**М.ӘБДІРАЗАҚОВ,
Ақсу-Аюлы ауылы.**